

ЗАМАНАУИ БҰҚАРАЛЫҚ САНАНЫ ЗЕРДЕЛЕУДІҢ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

¹С.Е. Нурмуратов, ¹Д.М. Жанабаева, ¹Г.Р. Қоянбаева, ²Б. Қожамберлиев

АҢДАТПА

Ғылыми мақалада бұқаралық сананың ерекшеліктері мен оның қазіргі Қазақстан үшін практикалық маңызы талданады. Мақалада қоғамды өзгерту жағдайында әділдік пен диалог сияқты құбылыстардың арақатынасы қарастырылған. Сонымен қатар, мақала авторлары бұқаралық сананың қоғамның құндылық әлемімен және әрбір жеке тұлғаның рухани әлемімен тығыз байланысты екенін көрсетуге тырысады. Ғылыми мақала қазақстандық қоғамның өтпелі кезеңін түсіну контекстінде бұқаралық саяси сананы зерттеу мәселесіне арналған. Қазіргі әлемдегі бұқаралық сананың маңызды аксиологиялық аспектілерін мәдениетаралық өзара әрекеттесу аясында қарастыруға талпыныс жасалды.

Түйін сөздер: адам, бұқаралық сана, заман, сұхбат, мәдениет, әділеттілік, философия, феномен, қазіргі кезең.

¹ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

²Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Д.М. Жаңабаева, dinara.jan@bk.ru

Мақаланың сілтемесі:

Нурмуратов С.Е.,
Жанабаева Д.М.,
Қоянбаева Г.Р.,
Қожамберлиев Б. Заманауи бұқаралық сананы зерделеудің аксиологиялық аспектілері // Адам әлемі. – 2024. – № 1 (99). – Б. 16-25.

Аксиологические аспекты осмысления современного массового сознания

Аннотация. В научной статье анализируются особенности массового сознания и его практическое значение для современного Казахстана. В статье рассматривается взаимосвязь таких феноменов как справедливость и диалог в условиях трансформации общества. Кроме того, авторы статьи пытаются показать, что массовое сознание тесно связано с ценностным миром социума и с духовным миром каждого индивида. Научная статья посвящена проблеме изучения массового политического сознания в условиях осмысления переходного периода казахстанского общества. Предпринята попытка рассмотрения значимых аксиологических аспектов массового сознания в современном мире в контексте межкультурного взаимодействия.

Ключевые слова: человек, массовое сознание, эпоха, диалог, культура, справедливость, философия, феномен, современность.

Axiological Aspects of the Understanding of Modern Mass Consciousness

Abstract. The scientific article analyzes the peculiarities of mass consciousness and its practical significance for modern Kazakhstan. The article examines the relationship between such phenomena as justice and dialogue in the context of the transformation of society. In addition, the authors of the article try to show that mass consciousness is closely connected with the value world of society and the spiritual world of each individual. The scientific article is devoted to the problem of studying mass political consciousness in the context of understanding the transitional period of the Kazakhstani society. An attempt is made to consider important axiological aspects of mass consciousness in the modern world in the context of intercultural interaction.

Key words: Man, Mass Consciousness, Epoch, Dialogue, Culture, Justice, Philosophy, Phenomenon, Modernity.

Кіріспе

Қазіргі тарихи кезеңде бұқаралық сананы ғылыми зерделеу әлеумет практикасындағы өзекті мәселелердің қатарына жатады. Былайша айтқанда, кезеңде аса анық байқалмайтын бұқаралық сана ерекше құбылыс ретінде өзгерістер жағдайында және тарихтың терең дағдарыс кезеңдерінде қоғамдық кеңістікте белсенді түрде көріне алады. Көп жағдайда ортақ идея немесе мақсатпен біріктірілген, еркін құрылымдалған адамдар тобы әлеуметтік субъект ретінде анықталады. Бұқаралық сана жүйеліден гөрі адамдарды стихиялы түрде біріктіреді, белгілі бір дәрежеде мәдени, әлеуметтік, демографиялық, саяси, аймақтық және басқа да айырмашылықтарды теңестіреді, соның нәтижесінде мұндай ұжымдық сананың әрбір иесі өзін тұтас халықтың өкілі, күрескер ретінде сезінеді. Ол сезім шынайы сипатта деген сенім бұқаралық сананың субъектілерінде терең орныққан. Сонымен, бұқаралық сана күнделікті қоғамдық сананың барлық белгілерімен, бейсаналық стереотиптермен, халықтың белгілі бір бөлігінің маргиналды, азаматтық және девианттық мінез-құлқы элементтерімен астасып, ерекше сипатталады.

Кез келген қоғамды өзгертуге алып келетін бұқаралық сананың құндылықтық аспектілерінің өзектілігі маңызды, өйткені ол әлеуметтік субъектілердің ұжымдық наным-сенімдерін, түсініктерін, мәдени тәжірибелерді және қарқынды әлеуметтік қатынастарды қалыптастыруға терең әсер етеді. Экономикада, саясатта, технологияда және әлеуметтік-мәдени салада елеулі өзгерістер орын алған қоғамды қайта құру кезеңдерінде іргелі құндылықтар даму траекториясын анықтайтын өзіндік бағдарға айналды. Қоғамдық қайта пішімдеу кезеңінде әлеуметтік құндылықтардың неліктен маңызды екендігінің кейбір аспектілері төмендегілер: қоғамдағы өзгеру кезеңдерінде дәстүрлі құндылықтар мен құрылымдар халықтың әртүрлі топтары арасында өзгерістерге ұшырайды. Қазақстандық қоғам үшін дәстүрлі құндылықтарды жаңа нақты шындыққа сәйкес келетін дүниетанымдық бағдар

сипатында жаңғырту, түлету және жаңаша пішімдеу маңызды.

Әдіснама

Бұқаралық сананы зерделеу үшін жалпы қоғамдық сана мен қоғамдық болмысты зерттеудің барлық тәсілдерін қолдануға болады. Демек, әлеуметтегі барлық құбылыстар мен үдерістерді философиялық мағынада пайымдау әлеуметтік шындықтың түбегейлі негіздерін анықтауға мүмкіндік береді. Соның ішінде бұқаралық сананың өзіндік аксиологиялық сипаттамасын беру де жатады. Талдау мен синтездеу, нақты тарихилық тұрғысынан пайымдау, біртұтастық пен жүйелілік қағидаттары тұрғысынан мәселені зерделеу зерттеу нысанының терең қатпарларын айқындауға мүмкіндік береді. Бұқаралық санада қоғамдағы көптеген түсініктер мен идеялар, стереотиптер мен болжамдар қордаланады. Олардың қандай құндылықтық бағдарларға қарай қозғалатынын, дамитынын теориялық тұрғыда айқындау және практика жүзінде қолданудың жолдарын көрсету әлеуметтанушы зерттеушілердің міндеті деген ойдамыз.

Бұқаралық сананың әлеуметтегі құбылыстық сипаттамасы

Бұқаралық сана қоғамдық сананың құрамдас бөлігі ретінде субъектісі әлеуметтік ортада қалыптасады, дамиды және сондықтан оны үнемі өзгеріп отыратын толықтай әлеуметтік құбылыс ретінде тануға болады. Сонымен қатар осы ерекше әлеуметтік феномен негізгі құндылықтық артықшылықтары бойынша өз ұстанымдарын қорғауға келгенде ымырасыз, барынша күрескер қасиетке ие болады. Сондықтан адамзат тарихындағы көптеген төңкерістер мен тайталастар осы бұқаралық сананың толқуынан, әлеуметтік әділеттілікті үздеуінен туындап жатады. Ал енді бұл феномен қоғамдық сананың ерекше саласы ретіндегі өзіндік көріністерін тарих сахнасында уақыты келгенде анық байқатып отырады. Бұқаралық сананың әрбір қадамы, әрекеті әлеуметтің барлық қабаттарына жетіп

отырады және оның құндылық әлемі құрылымы жағынан аморфты және іштей қарама-қайшы келеді, өйткені бұл құбылыс негізінен сана аймағына әртүрлі сипаттары бар әлеуметтік қауымдастықтарды жинақтайды [1]. Сондықтан гуманитарлық ғылымдарда қоғамның трансформациясы, әлеуметтік-мәдени тәуекелдер мен сын-қатерлер жағдайында бұқаралық сана құбылысын егжей-тегжейлі теориялық және қолданбалы зерттеу өзекті мәселе деуге толық негіз бар. Қазақстан Республикасы әлемдік өркениетті елдердің озық тәжірибесін қабылдауға, жүзеге асыруға бет бұра бастады.

Егер кез келген қоғамдағы әлеуметтік қауымдастықтардың негізгі құндылықтарына қауіп төнетін болса, онда қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге барынша назар аударатын әлеуметтік белсенді топтар мәдени және саяси қарсылық көрсетуге тырысады. Әлеуметтік ортаның негізгі тақырыбы мыңдаған жылдар бұрынғыдай әлеуметтік әділеттілік, теңдік мәселелері болуы заңды. Осы жерде мемлекет құрылысының әртүрлі мәселелері бойынша балама көзқарас субъектілерімен қайшылықтарды жеңілдету және ымыраға келу үшін ашық және өзара сыйластықты басымдық еткен диалог пен өзара түсіністік тұрғысынан маңызды. Мәселен, «еліміздегі 2022 жылғы Қаңтар оқиғасының ушығып кетпеуіне күш салуға кейбір билік органдары асықпады» деген мамандар тарапынан сыни пікір бар, қайшылықты уақытылы екі жаққа да тиімді нұсқада мәселені бірден шешуге де болар еді деген сыни уәж айтылады. Әрине, әлеуметтік динамиканың кейбір терең қырлары, бұқаралық сананың өзіндік құдіреті уақытылы сараптаудан өткізілмегенін де айырықша атап өтуге болады. Ал енді мәселеге әлеуметтану ілімі тұрғысынан сыни бағалау беретін болсақ, онда белгілі оқиғаға дейін еліміздегі қоғамдық болмыс пен бұқаралық сананың біршама уақыттан бері дағдарысты күй кешіп келе жатқанын және оларды жүйелі түрде шешу жолдарына қадамдар жасалмағанын атап өткен жөн дейміз. Бұл жағдайға биліктегі саяси транзиттің өте баяу жүргізілгені мойындалып жатыр.

Әлеуметтік ортадағы кейбір дүмпүлер мен ереуілге, тіпті қақтығысқа баруға дейін қадамдар кездейсоқ бұқаралық әрекеттерге жатпайды. Қаншалықты кемшілікті тұстарын айғақтағанмен бұқаралық сана алдымен қоғамда түбегейлі шешімін таппай келген проблеманы қозғайды. Әрине, осы өзекті мәселелерді қозғау сипаты мен әрекеттер қисыны, өкінішке орай биік, асқақ өркениеттілікті байқатып, гуманистік қағидадардың баламасын білдіре бермейді. Сондықтан билік тарапынан алдын-ала ескертпе жағдаяттарды түсініп, оқиғалардың өрбу қисынын модельдеу де қажет екені анық. Дегенмен, осындай қоғамдағы жағдайлар ахуалының барлығын біліп, тарқатып отырған еліміздегі кейбір реакцияшыл саяси топтар қордаланып келіп, кенеттен көрініс берген әлеуметтік және саяси флукуациялық жағдайды өздерінің қитұрқы мақсаттарына пайдаланып қалуға ұмтылғанан да атап өтуімізге болады [2].

Әр уақытта өркениетті қоғамда халықтың мүддесі мен биліктің мүддесі демократиялық жолдармен үйлестірілуі керек, жақындастырылуы шарт. Демек, құндылықтар қоғамды дамудың стратегияларын болашаққа ұмтылудың механизмі ретінде бағдар беретін маякқа айналады. Сабырлы бұқаралық сана қабылдаған дәстүрлі рухани құндылықтарға негізделген қоғам жаңа құндылықтарды қабылдау жаңа әлеуметтік-экономикалық стратегияларды сәтті жүзеге асырудың негізгі факторына айналдырады. Маңызды және негізгі құндылықтар топтамасы этикалық мінез-құлық пен қоғамның әлеуметтік жауапкершілігіне сүйенеді. Ақпараттық қоғам ақпараттық ресурстарға еркін қол жеткізуді қамтамасыз ететін және заманауи адамның өмірін айтарлықтай жеңілдететін жаһандық ақпараттық кеңістікті құрайды. Сонымен қатар ақпарат өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы әлеуметтік қақтығыстарға байланысты жағымсыз үрдістер байқалады. Қоғамдағы ілеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени факторлардың әсерінен бұл қақтығыс бұқаралық сананы манипуляциялау рөлінің артуына алып келеді және шындықты адекватты түрде көрсетуді

қиындататын медиа шындыққа алғы-шарттар жасайды. Бұқаралық сананы алдарқатудың және бұрмалаудың құралына айналған әлеуметтік желілер мемлекет тарапынан қатаң қадағалануы тиіс. Онсыз кейбір әлеуметтік топтарға бұқаралық сананы псевдобағдарлар бағытына бұру мүмкіндігі ашылады. Тек қана моральдік тәсілдермен барлығын реттеу мүмкін болмаған жағдайда құқықтық механизмдер көмекке келуі шарт деген ойдамыз.

Негізгі өркениетті құндылықтарға негізделген бизнес пен саясат қоғамның тұрақты және тұрақты дамуына елеулі үлес қоса алады. Прогрессивті құндылықтық дүниетаным мен құндылықтар жүйесі бұқаралық санада құрамдас бөлік ретінде бірқалыпты орныққанда ғана, қоғамды сапалы өзгерту жағдаятына ұмтылады. Базалық құндылықтары қорғалған және тұрақтанған елде ғана мәдени, саяси және эмоциялық тұрақтылық қамтамасыз етіледі. Оған дәйектеме болатын өркениетті елдердің қауымдастығы болса, кері мысалға қайшылықтары басынан асып жатқан, біртұтастығын бірте-бірте жойып алып жатқан кейбір елдерді жатқызамыз. Ондай елдерге діни нормалар мен дүниетанымдық бағдарлар көптеген олқылықтарды көмкеріп отыратын рухани құбылыстар ретінде қызмет етеді. Бұқаралық сананы алдарқатудың, бұрмалаудың осындай сипатын өкінішке орай ислам діни тараған елдерден айқын байқауға болады. Реакцияшыл бағыттағы діни бағыттар біздің ортамызға сыналау кіріп жатқаны көпке белгілі әлеуметтік дерек. Аймақтардағы зиялы қауым өкілдері осыған шынайы алаңдап отыр. Көрші жатқан Қырғыз елінің озық ойлы азаматтары да осы үрдісті руханиятына келген үлкен дүниетанымдық диверсия, ділдік дағдарыс деп есептейді.

Гуманизм қағидаты және бұқаралық сана

Әлеуметтегі гуманистік құндылықтар бұқаралық сананы прогрессивті бағытқа қарай бұрады, олар сонымен қатар қоғамдық ортада негізгі әлеуметтік қағидаттар мен мақсаттарға қатысты жасампаз консенсусты қалыптастыруға

негіз бола алады. Қоғамның негізін құрайтын ортақ және басымдық танытатын құндылықтар ең басты рухани күштер және олар түп негізінде бірлік пен қоғамдық келісімнің орнығуына ықпал етеді. Атап ататын жәйт: осындай қатынастар сипаты заманауиланған технократиялық қоғамның тиімді жұмыс істеуі үшін де маңызды. Әрине, әлеуметтік қайта құру кезеңдерінде адамдар өздерінің бұрынғы тарихына заны көзқараспен қарау арқылы азаматтық бірегейлік пен тиесіліктің жаңа формаларын іздеуі мүмкін.

Қоғамдағы кенеттен орын алған кез келген наразылық қойылымдары, бұқаралық сананың бұлқыныстары әлеуметтік дүниені қайта форматтау әрекеті болып табылады. Дәл осындай жағдайларда көптеген күйзелістер мен трагедиялар орын алмау үшін жалпыадамзаттық құндылықтарға жүгіну керек, халықаралық деңгейдегі құқықтық нормаларды басшылыққа алған орынды. Осыған орай, ұлттық рухани құндылықтарға негізделген жалпыадамзаттық құндылықтар азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға негіз болатынын ескерген жөн. Әртүрліліктегі бірлік кез келген жасампаз қоғамның өзіне ту етер қағидаты болғаны жөн. Біздің еліміздегі «Әділетті Қазақстан» концепциясының орныға бастауы өткенімізге деген сыни талдау жасай бастағандығымыздың айғағы және өзгеру жағдайында гуманизм мен демократиялық принциптерді бұқаралық санада нақты түрде насихаттауға болатынын дәлелдеуге ұмтылыс деп түсінуге болатын атап өткен жөн.

Қоғамның үйлесімді емес дамуының көрінісі болып келетін экономикалық дағдарыстар, қоғамның күрт трансформациялануы, кейбір азаматтардың заңсыз әрекеттері, сыбайлас пен жемқорлықтың жиі көрініс бере бастауы, өтпелі кезеңдегі саяси ауысудың баяу жүзеге ауысуы, табиғи және экологиялық апаттар және басқа да күрделі әлеуметтік факторлар әртүрлі әлеуметтік топтардағы бұқаралық санада стандартты емес басымдықтар мен нұсқауларды қалыптастыруына алып келеді. Девиантты әрекеттердің көбеюі негізінен қоғамдағы адамгершілік нормалардың төмендеуімен астасып жатады.

Жоғарыда аталғандардың барлығы біріге келіп бұқаралық санаға айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкіндігін жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан қоғамдағы әр қилы үдерістердің бағыт-бағдарын алдын-ала анықтап, соған сәйкес тиімді қадамдар жасап отыруы өркениетті қоғамға тән қасиеттер екенін ұмытпауымыз керек. Саясат пен мәдениет саласындағы белгілі бір дәстүрлі рәміздер мен бейресми көшбасшылар жаңа идеялар мен құндылықтардың тасымалдаушысы бола алады, олар кейіннен бұқаралық санаға айтарлықтай әсер етеді. Олардың жаңа бейнелері, дәстүрлі емес мәлімдемелері мен батыл әрекеттері жастарға үлгі болатыны анық, сөйтіп, олар үстемдік етіп келген саяси күшке қарсы тұруы мүмкін. Осылайша, қазіргі қоғамның трансформациясы жағдайында бұқаралық сана, сондай-ақ әлеуметтік құндылықтар елеулі өзгерістерге ұшырайды. Мұндай күрт өзгерістер қоғамдағы дағдарыстық жағдайдың, әлеуметтік, экономикалық, технологиялық және мәдени факторлардың әсерінен болуы да мүмкін. Бұл жерде қоғамдағы бұл өзгерістер көп бағытты, прогрессивті, немесе бейтарап күйде болуы мүмкін. Сонымен қатар әлеуметтік шындықтың нақты контекстіне байланысты бұқаралық сананың құрылымындағы құндылықтық бағдарлар өзгеретінін атап кеткен орынды.

Бұқаралық сананы объективті түрде ғылыми сипаттау үшін осы құбылысты тасымалдаушылардың құндылықтық басымдылықтарының мазмұны туралы мәселені талқылау өте маңызды. Осыған орай, осы өзекті мәселенің аксиологиялық аспектілерін зерттеудегі пәнаралық көзқарас қана белгілі бір ғылыми нәтижелер беріп, мемлекетіміздің идеологиялық секторының субъектілері үшін ғылыми-тәжірибелік ұсыныстарды тұжырымдай алады деп айтуға болады. Бұл зерттеу мақаласында авторлар негізінен заманауилық модернизация теориясына сүйенеді. Біз үшін құндылықтар жалпы қоғамның және оның жекелеген әлеуметтік қауымдастықтары мен жеке тұлғаларының дүниетанымының негізі ғана емес, сонымен бірге олар белсенді практикалық іс-әрекеттер мен

адамдардың мінез-құлық қатынасын қалыптастыратын феномен.

Жоғарыда аталған жағдайларға байланысты біз құндылықтарды келесі құрылымда анықтаған пікірді қолдаймыз. Ол төмендегідей өрнектелген: «құндылықтар мотивацияның негізгі іргетасы болып табылады және адамдар оларды әдепкі форма бойынша қабылдайды. Біз тіпті олардың күшті ықпалын байқамаймыз, оны әдеттегідей қабылдаймыз, бірақ олар біздің өмірлік стратегиямызды, мінез-құлықты және дүниетанымымызды қалыптастырады. Құндылықтар жұмыс істеу, табыс табу, жұмсау, ережелерді сақтау стандарттарын жасайды және адамның мінез-құлқын анықтайды. Ғалымдар оларды зерттейді, өйткені олар үнемі үлкен өзгерістерге ұшырайды» [3]. Құндылықтар әдетте орнықты құбылыстар, бірақ уақытысы келгенде олар да біршама өзгерістерге ұшырайды. Мәселен, «коммунизм» идеясын ХХ ғасырда біршама мемлекеттер мен халықтардың өздерінің құндылықтарына жүйесіне қабылдап, кейін одан бірте-бірте бас тартуын мысал ретінде атап өтуге болады. Осындай өзгерістердің әлеуметтік шындықта кейде орын алып отыруы – бұл әлеуметтік дүниенің өзіндік ішкі объективті заңдылығы екені анық.

Сонымен, бұқаралық сана өзіндік рухани күш ретінде қоғамдық сананың негізіне айналатын жалпы құндылықтар мен нормалардың қалыптасуына ықпал етеді. Бұл маңызды және іргелі құндылықтар қоғамның негізін анықтайды және отбасына, адамгершілікке, әлеуметтік әділеттілікке, бостандыққа және басқа да әлеуметтік маңызды аспектілерге қатысты болуы мүмкін. Заманауи цифрлық технология, интернет және виртуалды әлемнің басқа элементтері, сонымен қатар, жалпы БАҚ халықтың құндылық бағдарындағы негізгі басымдықтарды реттей отырып, қоғамдық сананы қалыптастыруға орасан зор ықпал етуде. Бұқаралық сана адамдардың белгілі бір топтарына қатысты стереотиптер мен алдын ала көзқарастардың қалыптасуына ықпал ете алады, бұқаралық сананы бағалау векторларын саясаттағы белгілі бір

мақсаттарға бағыттай алады. Бұл стереотиптер адамдардың қабылдауына және мінез-құлқына, сондай-ақ әлеуметтік қатынастарға әсер етуі мүмкін. Салыстырмалы түрде әділ әлеуметтік шындықты құрып жатқан Қазақстан үшін ұлттық және азаматтық бірегейлікті сақтауға, өткенді сыни тұрғыдан түсінуге және қоғамда жасампаздық белсенділікті орнатуға бағытталған бұқаралық сананың прогрессивті көзқарастарын қалыптастыру және дамыту қажет.

Бұқаралық сананы жасампаздыққа қарай бұрудың маңыздылығы

Заманауи кезеңдегі жаһандық ақпараттық орта барлық мемлекеттер деңгейінде бұқаралық сананы манипуляциялау үшін жағдай жасайды, бұл әлем бейнесінің бұрмалануына және адамдардың болжанбайтын заңсыз әрекеттеріне әкелуі мүмкін. Ақпараттық кеңістікте бұқараның санасын манипуляциялау адамның мінез-құлқы мен қызметінің ережелері мен стереотиптерін анықтайтын және манипуляцияның негізгі құралы қызметін атқаратын ақпараттық-коммуникациялық құралдарды басқару арқылы жүзеге асады. Ақпараттық манипуляция бұқаралық санаға жасырын әсер ете отырып, әдетте бұқараның инерциясын тудыруға және қоғамды тұрақсыздандыруға бағытталған. Бұл бұқаралық санада стереотиптердің қалыптасуына, құндылықтар мен өмір салтының өзгеруіне байланысты белгілі бір қоғамдардағы жағымсыз үрдістердің өршуіне әкеледі. Әсіресе, өзара кикілжің өрбіген екі мемлекеттің арасындағы тартыстар екі ұлттың діліне тереңдеп, гетеростереотиптерді нығайта түседі. Адамзаттың қазіргі заманауи тарихы осы жағдайға көптеген мысалды ұсына алады. Сондықтан бұқараның сананың сапасы, оның құрылымының сипаты үлкен маңыздылығы бар дүниелер.

Ұлттық рухани құндылықтарға негізделген жалпы адамзаттық құндылықтар азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға негіз болады, әртүрліліктегі бірлікке ықпал етеді. Денсаулықты жақсарту және рухани құндылықтар арқылы прогрес-

сивті бұқаралық сананы қалыптастыру мәселесі, әсіресе, әлеуметтік және мәдени қиындықтар кейде байқалатын қазіргі қазақ қоғамы жағдайында маңызды және өзекті болып табылады. Өзара түсіністік, мейірімділік, адалдық, әділдік, жанашырлық, толеранттылық және жақынына деген сүйіспеншілік сияқты іргелі рухани құндылықтар қоғамдық қатынастардың үйлесімді қалыптасуына ықпал ете алады. Рухани құндылықтар әлемді неғұрлым конструктивті аспектіде қабылдауға және бұқаралық сана субъектісінің терең және күрделі сұрақтарына барабар жауап іздеуге мүмкіндік береді.

Неміс философы және әлеуметтанушысы Юрген Хабермас қоғамдық коммуникация және демократия теориясы саласындағы зерттеулерімен айналысумен қатар, қазіргі әлемдегі бұқаралық сананың аксиологиялық аспектілеріне назар аударды. Аксиологиялық аспектілер бұқаралық санада қалыптасатын және адамдардың мінез-құлқы мен сенімдеріне әсер ететін құндылықтарға жатады. Хабермас өз еңбектерінде қазіргі бұқаралық сананың үш негізгі ерекшелігін және оның құндылықтарға деген көзқарасын анықтайды. Біріншісі, *рационализация*: ол қазіргі заманғы бұқаралық сана барған сайын рационалды және мақсатқа бағдарланғанын атап көрсетеді. Ол қоғамдағы құндылықтар мен басымдықтардың қалыптасуына әсер ететін тиімділік пен нәтиже көрсетуге ұмтылады. *Плюрализм*, ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың дамуымен қазіргі бұқаралық сана плюралистік сипатқа ие болды. Әр түрлі идеялар, құндылықтар мен дүниетанымдар бір-бірімен соқтығысып, бәсекелесіп, бұқаралық сана мен оның құндылықтарының жан-жақты бейнесін қалыптастырады.

Тұтынушылық тәсіл, Хабермасың пікірінше, қазіргі заманғы бұқаралық сана тұтынуға көбірек бағытталған. Тұтынушылық құндылықтар мен қалаулар тауарлар мен қызметтерді тұтыну арқылы артықшылықты қалыптастыруға және бірегейлікті құруға әсер етеді.

Алайда, Хабермас сонымен қатар қазіргі бұқаралық сананың гетерогенді

екенін және әртүрлі бағыттар мен қызығушылықтарды қамтитынын мойындайды. Ол қоғамдық-саяси коммуникацияны дамыту және адамдар ортақ құндылықтар мен идеяларды талқылап, қалыптастыра алатын қоғамдық салаларды құру қажеттілігі туралы идеяны алға тартады [4]. Бұл жерде Хабермастың позициясына қосымша кез келген ұлттың өзіндік ұлттың ерекшеліктері, ғасырлар бойы қалыптасқан психологиялық мінез-құлықтары мен әдет-салттары бар екенін айта аламыз. Еуропалық ұлттар демократияны өрбiтудiң бiрнеше сатысын өтiп үлгердi. Сондықтан бiздiң Орталық Азия кеңiстiгiнде Еуропа үшiн бұқаралық санада әдеттегi норма болып есептелетiн дүниелер бiрден жүзеге аса қоймайды. Көптеген жылдар бойы авторитарлық сипаттағы билiктердiң осы аймақта орын алуы осы ерекшелiктермен астасып жатады. Әрине, Қазақстан мен Қырғызстан сияқты елдердегi соңғы жылдағы әлеуметтегi дүниедегi бұлқыныстар сеңнiң қозғалғандығын бiлдiредi. Жалпы саяси саладағы өзгерiстер өз уақын күтетiн дүниелер екенi анық.

Итальяндық философ, әдебиеттанушы және жазушы, бұқаралық мәдениет саласындағы зерттеулерiмен және оның сана мен жеке тұлғаға әсерiмен танымал Умберто Эко-ның негiзгi идеяларының бiрi-бұқаралық мәдениет қазiргi қоғамдағы адамдардың санасы мен жеке басының қалыптасуына қатты әсер ететiндiгi. Ол бұқаралық мәдениет әртүрлi медиа және коммуникациялық технологиялар арқылы бұқараға енетiн ойлау, мiнез-құлық және қабылдау-дың стандартталған үлгiлерiн жасайды деп мәлiмдейдi. Сонымен қатар бұқаралық мәдениет ортақ белгiлерге, құндылықтарға және стереотиптерге негiзделуi мүмкiн ұжымдық бiрегейлiктi қалыптастыруға ықпал ететiнiне назар аударады және осы бiрегейлiктiң үстiрт қабылдануы мүмкiн екенiн, бұл индивидуалдылық пен автономияның жоғалуына әкелуi мүмкiн екенiн атап көрсетедi.

Алайда, Эко сонымен қатар бұқаралық мәдениет шығармашылық пен инновацияның қайнар көзi бола алатындығын мойындайды. Ол бұқаралық мәдениеттiң сана мен жеке тұлғаға әсерi күрделi және жан-жақты бо-

луы мүмкiн екенiн және жеке адамдар бұқаралық мәдениетпен белсендi қарым-қатынас жасай алатындығын және оны өз қажеттiлiктерi мен құндылықтарына сәйкес түсiндiре алатындығын атап көрсетедi. Осылайша автордың сана мен сәйкестiкке әсерi туралы теориясы бұқаралық ақпарат құралдары мен мәдени құбылыстарға саналы және сыни көзқарастың маңыздылығын, сондай-ақ бұқаралық мәдениет жағдайында даралық пен автономияны барлық деңгейде сақтау қажеттiлiгiн көрсетедi [5]. Бұқаралық ақпарат құралдары батыл болған сайын демократия құндылықтары беки түседi, қоғам жасампаздық жолына түседi.

Дәстүрлi және батыстық қоғамдарға бағытталған құндылықтар бұқаралық сананы өзгертудiң негiзгi аспектiсi болып табылады. Қазақ халқының үлкендерге құрмет, бостандық, бейбiтшiлiк пен төзiмдiлiк, руханият, қонақжайлылық және қоршаған әлеммен үйлесiмдi өмiр сүруге деген ұмтылысы сынды дәстүрлi құндылықтары қазақстандық қоғамды жаңғырту үрдiсiндегi өзектiлiктiң жоғары дәрежесiне ие бола отырып, iргелi құрамдас бөлiгi болып қала бередi. Философ, Ральф Уолдо Эмерсон рухани тәжiрибе арқылы өзiн-өзi дамытуға және iшкi шындықты iздеуге шақыра отырып, қоғамның трансформациясы жағдайында бұқаралық сананы қалыптастыру үшiн руханияттың маңыздылығын атап көрсетедi. Олар экологиялық дағдарыс, саяси тұрақсыздық, әлеуметтiк теңсiздiктер, қоғамды iзгiлiк сипаттан айыру сияқты адамзаттың қазiргi замандағы күрделi мәселелерiн шешу үшiн өте маңызды. Бұл проблемаларды жеңу үшiн жалпы қабылданған құндылықтарды қайта қарауға және барлық адамдардың тұрақты дамуы мен әл-ауқатына ықпал ететiн ойлау мен мiнез-құлықтың жаңа үлгiлерiн қалыптастыруға мүмкiндiк беретiн әдiстер өзектi болып табылады. Қазiргi әлемдегi басты қиындықтардың бiрi - дегуманизация яғни сананы iзгiлiктен айыру мәселесi, ол бiздiң санамыздағы адами өлшемдер мен құндылықтарды жоғалту процесiн қамтиды. Технологияның дамуы және цифрлық технологияның қарқынды өсуi сананы iзгiлiктен айыру

процесіне ықпал ететін факторлардың бірі деп санауға болады. Ақпараттық технологиялар саласындағы қарқынды даму тәуелділікке және тұлғааралық қарым-қатынастың маңызды аспектілерін жоғалтуға әкелді.

Американдық философ, Чикаго университетінің профессоры Марта Нусбаум дегуманизация үрдісінің күрделі мәселе бола отырып, бүкіл адамзатқа кері әсерін тигізетіндігін алға тартты. Бұл жанашырлық, әділеттілік және өзара көмек ретіндегі маңызды құндылықтар мен қасиеттер қоғамда назардан тыс қалғанда немесе адамдар арасындағы қарым-қатынас адамның қадір-қасиеті мен құқығын елемей, басқаларға объект немесе құрал ретінде қараған кезде пайда болады. Кемсітушілікті, зорлық-зомбылықты және әлеуметтік оқшаулануды осы процестің белгілерінің бірі деп санауға болады. Адамның санасы басқа адамдарды иеліктен шығару және олар үшін жауапкершіліктен бас тарту арқылы адамгершіліктен айырылады, оның басқа адамдар алдындағы хабардарлығы мен жауапкершілігі адамгершіліктен арылудың алдын алудың негізгі аспектілері болып табылады. Эмоционалды ақыл-ой мен қоғамдағы эмпатия қабілетін дамытудың маңыздылығын өзектендіре отырып, ізгіліктен айыру біз өзімізді басқа адамдардың орнына қойып, олардың азаптары мен қажеттіліктерін түсіну қабілетімізді жоғалтқан кезде пайда болады деп есептеледі. Бұл өз кезегінде өзіміздікке, немқұрайлылыққа және әлеуметтік ынтымақтастықты жоғалтуға әкеледі. Осыған байланысты білім мен білім гуманитарлық құндылықтарды қалыптастыруда және эмоционалды интеллектті дамытуда маңызды рөл атқарады. Философтың пікірінше, инклюзивті және әділ институттар құру барлық адамдардың құқықтары мен қадір-қасиеттерін қорғауға, қоғамдағы гуманитарлық құндылықтар мен эмоционалды интеллекті қалыптастыруға көмектеседі [6].

Адамзаттың табиғатпен экологиялық байланысын жоғалтуы сананы ізгіліктен алшақтатудың тағы бір маңызды аспектісі ретінде қарастырылады. Қазіргі қоғамда адамдар қоршаған табиғат пен табиғи

ритмдерден алшақтай бастады, бұл оның қоршаған әлемге деген қатынасын, өз табиғатын, болмысын сезінуді жоғалтуға әкелуі мүмкін. «Қазіргі қоғамның ізгіліктен алшақтауы жеке тұлғаның аксиологиялық стереотиптерімен, ақпараттық зорлық-зомбылықпен және рухани қауіпсіздікпен байланысты. Адам қауіпсіздік саласының субъектісі ретінде, ерекше рухани энергия, креативті және биоәлеуметтік болмыс ретінде, құндылықтан айырылу үстінде бола отырып, әлеуметтік шындықтың құндылық проекциясына әсер ететін бар қауіп қатерден қорғалу жағдайына жету үшін өзінің жеке таңдауын жасайды» [7].

Сананы ізгіліктен алшақтату факторларының бірі - технологияның белсенді дамуы, онда адамдар өз міндеттерін толығымен машиналар мен жасанды интеллектке жүктеді. Бұл процесс адамның дағдыларынан айырылып және құнсыздануына, сондай-ақ адамның санасы соншалықты маңызды емес екенін қабылдауға әкеледі. Хосе Ортега и Гассет жазғандай, цифрлық технологиялар, виртуалды қатынастар біздің әлемнің ажырамас бөлігіне айналуға, прогрессивті технология мен бұқаралық қоғам адамның бірегейлігі мен еркіндігін жоғалтуға әкеліп ұрындырады. Сонымен қатар, ол адамдардың немқұрайлылыққа бой алдырып, өз пікірлері мен бастамаларынан айырылған пассивті тұтынушыларға айналу қаупін атап өтті [8]. Адамзаттың болашағына әсер ететін сандық технологиялар шынайылықты қабылдау деңгейін өзгертіп, өзін-өзі паш етудің және өзін-өзі танудың жаңа формаларына әкелуі мүмкін деп болжануда. Бірақ сандық технология адамгершілік қағидаттарын жоққа шығармайтын сипатта ғана шынайы өркендеудің тұтқасы бола алады. Қазақстан сияқты болашағын нақтылап жатқан ел үшін осындай тұжырымдар барлық деңгейде маңызды.

Қорытынды

Сонымен, рухани құндылықтарды сақтау мен дамыту арқылы бұқаралық сананы жетілдіру орнықты, үйлесімді және өркениетті қоғам құрудың маңызды аспектісі болып көрінеді. Бұл

білім беру және әлеуметтік тәжірибеге рухани аспектілерді біріктіруді және генерациялауды, сондай-ақ жеке және ұжымдық өлшемде рухани дамуға ықпал ететін тәжірибелерді қолдауды талап етеді. Еліміздегі қазіргі ақпараттық қоғам біліммен және сыни ойлаумен байланысты құндылықтарға терең әсер етеді, білім беру тәжірибесіне инновациялар енгізеді және ақпаратты тиімді өңдеу және талдау қабілетінің маңыздылығын атап көрсетеді. Бұқаралық сана қоғамда болып жатқан оқиғалар туралы этикалық бағыттағы мазмұнды объективті ақпараттан үлкен оң қуат алады. Міне осыған орай азаматтардың жасампаз белсенділігі ғана қоғамды өзгертіп қана қоймай бұқаралық сананың игілікті рухани күшке айналуына негіз болады.

Қаржыландыру

Мақала BR21882209 «Қазақстандағы бұқаралық санаға ақпараттық-идеологиялық ықпалдар: тәуекелдер мен мүмкіндіктер» атты ғылыми зерттеулер ауқымында орындалды.

Әдебиеттер тізімі

1 Овчинников Г.К. Специфика сознания больших социальных общностей. – М.: Мысль, 1990. – 289 с.

2 Тоқаев Қ.К. Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек // [Электронды ресурсы] URL: <https://egemen.kz/article/355466-qasym-zhomart-toqaev-biz-ozyq-oyly-ult-retinde-tek-qana-algha-qarauymyz-kerek> (Қаралған күні: 12.01.2024).

3 Инглхарт Р. Мир становится все более безопасным // [Электронды ресурсы] URL: <https://lenta.ru/articles/2015/12/20/values/> (Қаралған күні: 10.01.2024).

4 Хабермас Ю. Структурное изменение публичной сферы. Исследования относительно категории буржуазного общества. – М.: Весь мир, 2016.

5 Eco U. Apocalyptic and Integrated Intellectuals: Mass Communication and Theories of Mass Culture. – Bloomington:

Indiana University Press, 1994. – 17 p.

6 Nussbaum M. Upheavals of thought: the intelligence of emotions. – Cambridge: Cambridge University Press, 2001. – P. 31.

7 Дык А.Г., Каленчук Т.В. Дегуманизация современного общества и духовная безопасность // *Вестник Полесского государственного университета. Серия общественных и гуманитарных наук.* – 2019. – № 1. – С. 48-57.

8 Ортега-и-Гассет Х. Восстание Масс. – Москва: АСТ, 2001. – 509 с.

Transliteration

1 Ovchinnikov G.K. Specifika soznaniya bol'shih social'nyh obshhnostej [Specifics of Consciousness of Large Social Communities]. – М.: Mysl', 1990. – 289 s.

2 Тоқаев Қ.К. Biz ozyk ojly ult retinde tek kana alga karauymyz kerek [As a Forward-Thinking Nation, we Should Only Look Ahead] // [Elektronnyy resurs] URL: <https://egemen.kz/article/355466-qasym-zhomart-toqaev-biz-ozyq-oyly-ult-retinde-tek-qana-algha-qarauymyz-kerek> (Karalghan kyini: 12.01.2024).

3 Inghart R. Mir stanovitsya vse bolee bezopasnym [The World is Becoming Increasingly Safer] // [Elektronnyy resurs] URL: <https://lenta.ru/articles/2015/12/20/values/> (Karalghan kyini: 10.01.2024).

4 Habermas Ju. Strukturnoe izmenenie publichnoy sfery. Issledovaniya otnositel'no kategorii burzhuaznogo obshhestva [Structural Change of the Public Sphere. Research on the Category of Bourgeois Society]. – М.: Ves' mir, 2016.

5 Eco U. Apocalyptic and Integrated Intellectuals: Mass Communication and Theories of Mass Culture. – Bloomington: Indiana University Press, 1994. – 17 p.

6 Nussbaum M. Upheavals of thought: the intelligence of emotions. – Cambridge: Cambridge University Press, 2001. – P. 31.

7 Dyk A.G., Kalenchuk T.V. Degumanizacija sovremennogo obshhestva i duhovnaja bezopasnost' [Dehumanization of Modern Society and Spiritual Security] // *Vestnik Polesskogo gosudarstvennogo universiteta. Cerija obshhestvennyh i gumanitarnykh nauk.* – 2019. – № 1. – С. 48-57.

8 Ortega-i-Gasset H. Vosstanie Mass [Rise of the Masses]. – Moskva: AST, 2001.–509 s.

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Серік Есентайұлы Нұрмуратов

бас ғылыми қызметкер, профессор, философия ғылымдарының докторы, ҚР ҒБЖМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: s.nurmuratov@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-2038-3056

- Гүлнәр Ромсейітқызы Қоянбаева* бас ғылыми қызметкер, философия ғылымдарының кандидаты, ҚР ҒБЖМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: grk.63@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-0942-6692
- Динара Мұхтарқызы Жаңабаева* бас ғалым хатшы, PhD, ҚР ҒБЖМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: dinara.jan@bk.ru, ORCID ID: 0000-0001-7718-4459
- Баймырза Қожамберліұлы Қожамберлиев* профессор, философия ғылымдарының докторы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан, ORCID ID: 0000-0001-7761-8587
- Серик Есентаевич Нурмуратов* главный научный сотрудник, профессор, доктор философских наук, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: s.nurmuratov@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-2038-3056
- Гүльнар Ромсейітовна Коянбаева* главный научный сотрудник, кандидат философских наук, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: grk.63@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-0942-6692
- Динара Мухтаровна Жанабаева* главный ученый секретарь, PhD, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: dinara.jan@bk.ru, ORCID ID: 0000-0001-7718-4459
- Баймырза Кожамберліұлы Кожамберлиев* профессор, доктор философских наук, профессор, Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан, ORCID ID: 0000-0001-7761-8587
- Serik Nurmuratov* Chief Researcher, Professor, Doctor of Philosophical Sciences, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: s.nurmuratov@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-2038-3056
- Gulnar Koyanbayeva* Chief Researcher, Candidate of Philosophical Sciences, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: grk.63@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-0942-6692
- Dinara Janabayeva* Chief Scientific Secretary, PhD, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: dinara.jan@bk.ru, ORCID ID: 0000-0001-7718-4459
- Baimyrza Kozhamberliev* Professor, Doctor of Philosophical Sciences, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan, ORCID ID: 0000-0001-7761-8587